

БЕКІТІЛДІ
Мектеп директоры



Астана қаласы
2023 ж

КЕЛІСІЛДІ

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары

К.Б. Курманбаева
«12» *сәуір* 2023 ж



2023-2024 оқу жылына арналған логопед маманның жылдық жұмыс жоспары

2023 - 2024 оқу жылы

Мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыстың мақсаты:

- Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп мұғалімдерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау, әдістемелік көмек көрсету.

Мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыстың міндеттері:

- Сөйлеу тілі бұзылыстары, олардың себептері мен салдары және түзету жұмыстарының мазмұны бойынша мұғалімдерді ақпараттандыру;
- Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды оқытуда кездесетін қиындықтар бойынша мұғалімдерге кеңес беру, шешу жолдарын ұсыну;
- Мұғалімдерге білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқу процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау (сөйлеу тілінің дамуы және сөйлеу дағдыларының қалыптасуы) бойынша кеңес беру.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
1	ПМПК қорытындысына сәйкес ЕББҚ ететін білім алушылардың оқу бағдарламаларымен таныстыру	Қыркүйек	Педагог-логопед	ПМПК қорытындылары
2	Логопедиялық диагностика қорытындыларымен сынып жетекшілерін таныстыру. Мектеп оқушыларында кездесетін сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлері бойынша ақпарат беру.	Қыркүйек	Педагог-логопед	Логопедиялық диагностика қорытындылары, сөйлеу карталары
3	Сынып жетекшілері және пән мұғалімдерімен бірлесе сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың тізімін анықтау	Жыл бойы	Педагог-логопед	7-форма <i>Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/</i>

				<i>Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.</i>
4	Мектеп мұғалімдеріне кеңес беру	Жыл бойы	Педагог-логопед	Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналы
5	«Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға тілдік пәндерді бейімдеу алгоритмі» тақырыбында педагогикалық кеңеске баяндама дайындау	Қараша	Педагог-логопед	Әдебиеттік оқу және қазақ тілі пәндері бойынша бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары (Мектептің №2 педагогикалық кеңесіне анықтама)
6	«Дислексияны түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында жаттығулар мен ойындар кешенін дайындау	Желтоқсан	Педагог-логопед	Дислексияны түзетуге арналған жаттығулар мен ойындар кешені <i>Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының мазмұны: әдістемелік нұсқаулық /Г.Н.Тулебиева, Г.Б.Ибатова, А.А.Даурамбекова, Ж.Ж.Нурсеиова, - Алматы: ТП ҰҒПО, 2018ж.-53б</i>
7	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған үлестірмелі материалдар дайындау: - Оптикалық дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар жинағы; - Акустикалық дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар жинағы; - Аграмматикалық дисграфияны түзетуге	Қаңтар	Педагог-логопед	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған үлестірмелі материалдар <i>Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік негіздері: әдістемелік нұсқаулық /Г.Н.Тулебиева, Г.Б.Ибатова, С.Ж.Өмірбек, Ж.Ж.Нурсеиова, - Алматы: ТП ҰҒПО, 2017ж.-51б</i>

	арналған тапсырмалар жинағы;			
8	«Бастауыш сынып оқушыларының дыбыстық- буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту» әдіс- тәсілдер жинағын дайындау	Ақпан	Педагог-логопед	Оқушылардың дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау дағдыларын дамытуға арналған әдіс- тәсілдер жинағы <i>Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету- логопедиялық жұмысы: әдістемелік нұсқау. Алматы: 2015.- 62б</i>
9	Мектеп мұғалімдерімен бірге сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының (көру, есту, сөздік және бақылау диктанттары) нәтижелерін зерделеу	Әр тоқсанның соңында	Педагог-логопед	БЖБ, ТЖБ тапсырмалары (көру, есту, сөздік және бақылау диктанттары)
10	Жыл бойы жасалған жұмысты қорытындылау	Мамыр	Педагог-логопед	Жылдық рефлексиялық есеп (Мектептің №5 педагогикалық кеңесі)

Мұғалім-логопед: Қарамергенова Саяжан Ержанқызы